

**A. Келдібекова, 3-курс
Фылыми жетекшісі А. А. Жүкібаев, қылмыстық іс жүргізу кафедрасы
бастызының орынбасары
(КР IIМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

АДАМДЫ СЕЗІКТІ ДЕП ТАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРИ

КР ҚДЖК 68-бабы негізінде сезікті деп өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған немесе қылмыс жасауға қатыстылығы бар деген күдікпен ұсталған адамды айтамыз. Осы бапқа сәйкес, қылмыстық іс жүргізу кезінде сезіктінің пайда болуының үш түрлі жағдайы болады. Сол жағдайлардың әр кезінде тиісті процессуалдық құжат жазылып, онда көрсетілген адам қылмыстық процестегі сезікті болып табылады:

1. Қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шығарылады;
2. Бұлтартпау шарасын қолдану туралы да қаулы жазылады;
3. Сезікті ретінде ұстau хаттамасы жазылып рәсімделеді.

Қылмыстық іс жүргізу кезіндегі сезіктінің ерекшелігі — ол қысқа мерзім ішінде осы мағынада іске қатысатын процессуалдық тұлға. Сезікті ретінде ұстau 72 сағаттан, сезіктіге айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасын қолдану 10 тәуліктен аспау тиіс. Ал, өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда бұл адам айып тағылғанға дейін ғана сезікті ретінде болады.

Сезікті ретінде ұсталған адамға 72 сағат өтпей тұрып бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін (айып тағылғанға дейін). Мұндай жағдайда да бұл адамның сезікті ретінде болуы 10 тәуліктен аспау тиіс. Яғни, бұл мерзім сезіктінің ұстаған күннен бастап есептеледі. Егер сезіктіге 72 сағаттың ішінде бұлтартпау шарасы қолданылмаған болса, онда ол босатылуға жатады және сезікті ретінде болудан қалады.

Сонымен, егерде қылмыстық іс жүргізудің барысында жеке адамға байланысты сезікті болудың негізі жойылған болса, онда осы кезден бастап бұл адам сезікті ретінде қарауға жатпайды (сезікті ретінде ұстauудың мерзімі аяқталған болса, бұлтартпау шарасы қолданылған сезіктіге 10 тәулік ішінде айып тағылмаған болса, бұл адамға қатысты қозғалған қылмыстық іс қысқартылған болса). Ал, өзіне қарсы қылмыстық іс қозғалған адам айыпталушы ретінде жауапқа тартылып, оған айып тағылған болса, онда ол осы кезден бастап айыпталушы ретінде қаралады.

2011 жылы КР ҚДЖК 68-бабына өзгеріс енгізіліп, адамды сезікті деп тану үшін « Сезікті ретінде тану туралы қаулы» шығарылды.

Заң талаптарына сай адамды сезікті ретінде тану үшін келесі шарттар қажет:

- адамның қылмыс жасағанын негіздейтін дәлелдемелер жинау;
- -ұстau негіздері мен шарттарын анықтау;
- бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулы шығару.

Енді осы шарттарды талқылауға салсақ, оларды тек қана Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстau жүзеге асырылса, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолдану үш жағдайда ғана қолдануға болады. Бірақ, өзгеріс енгізілүіне байланысты адамды сезікті деп танудың шарттары көрсетілмеген. Жоғарыда айтып кеткеніміздей біз адамды сезікті болып тануға дәлелдемелер болу керек. Егерде дәлелдемелер ұғымына көз сала отырсақ, дәлелдемелер — заң талаптарын сақтай отырып және занда көрсетілген қайнар көздерінен алынған әрбір іс жүзіндегі мәліметтер негізінде анықтау органы, тергеуші, прокурор қауіпті әрекет жасаған адамның кінәлілігін және басқа да іске маңызды, іс бойынша дұрыс шешім қабылдауға көмек беретін мән-жайлар жиынтығы.

Осыған байланысты адамды сезікті ретінде тану туралы қаулы шығару үшін дәлелдемелер болу керек. Ендеше, қандай дәлелдемелерді осы қаулы шығаруға қолдануға болады? Занда ол көрсетілмеген. Бір жағынан қарасақ ол қылмыстық іс жүргізуінің ішкі сенімге байланысты.

Біздің ойымызша, іс жүргіzetін адам қылмыстық материалдарды қарап шығып, егерде ол адамды сезікті ретінде тануға басқа негіздерді қолдануға мүмкін болмаса, бірақ ол адамнан

сезікті ретінде жауап алу қажетті болып тұрса, сол уақытта сол қаулыны шығаруға болады. Басқа жағынан қөз салсақ, мұндай жағдай адамның құқығын бұзуға әкеп соғуға мүмкін. Сол себептен бұл жағдайды тиянақты зерттеу керек.

Біз осы жағдайды зерделеп, келесідей қорытындыға келдік. Сезікті ретінде тану туралы қаулы шығару үшін қылмыстық іс жүргізуші ең алдымен бұл адам сезікті ретінде тануға бола ма, әлде болмайды деген қорытындыны ішкі сенім бойынша шығару керек.